

*«Күншуақ» бөбекжай- бақшасы МҚҚҚ*

# *Сөз маржаны*

*Қазақ тілі маманы:*  
*Жалмухамбетова Р.У,*

*2023-2024 о.ж*

Мектепалды даярлық топқа ұйымдастырылған оқу қызметінің  
технологиялық картасы. («Лучик»тобы)

**Сабақтың тақырыбы:** Сөз маржаны

**Білім беру саласы:** Коммуникация бөлімі.

**Көркем әдебиет тақырыбы:** Халық ауди әдебиеті. Мақал-мәтелдер, жүмбақтар, жаңылтпаштар.

**Мақсаты:** Балаларға халық ауди әдебиетінің түрлерімен мақал-мәтелдер, жүмбақтар, жаңылтпаштар туралы мәлімет беру. Жүмбақтар арқылы ою-өрнек туралы түсінік бере отырып, ойлау қабілеттерін, тіл байлықтарын дамыту. Ойын арқылы шығармашылықта баулу.

**Көрнекілік:** Куыршақ, суреттер, ғажайып қап, асықтар, ою-өрнектер, луллия шеңбері.

**Барысы:** Балалар бүгін бізге қонақтар келіпті. Сондықтан бірінші қонақтарымызben жақсылап амандастып алайық.

*Улкенге сіз*

*Кішіге сіз*

*Сәлем бердік сіздерге*

*Құрметпенен біз*

Балалар өте тамаша ендеше қунделікті өз аманда сумызыбен амандастып алайық.

*Ал, кәнеки, балалар!*

*Амандастып алайық.*

*Сәлем, сәлем балақай!*

*Сәлеметсіз бе, апай?!*

- Тамаша, жарайсындар балалар!
- Бүгінгі біздің сабагымызыңың тақырыбы «сөз маржаны», яғни мақал-мәтел, жүмбақтар, жаңылтпаштар туралы өтеді.  
Қараныздаршы, бізге тағы ерекше бір қонақ келді. Ол кім екен?
- **Куыршиқ**
- Дұрыс-ақ куыршақ, аты Dana. Dana бізге жәйдан – жәй келмеді. Өз тапсырмаларымен қоса сиқырлы қапқа салып сыйлық алып келген екен. Ал ол сыйлықты алу үшін бізге тапсырмаларды орындау керек. Тақтада не түр?
- **Кұлыштар**

- Құлыптың артында хат. Хатты алу үшін құлыпты ашу керек. Құлыпты ашу үшін не керек?
- ***Kilt***
- Мына кілтті алып, бірінші тапсырманы орындайық. Бірінші тапсырма жаңылтпаш айту (**бәрі бір жаңылтпаштан айтып шығады**)

Үміт түбіт түтті,  
Түбітті түтіп бітті.

Доп деп,  
Дөп теп.

Қызыым жүзім же,  
Жүзім үзіп же.

Тұз — мұздай,  
Мұз — тұздай.

Ошақта от жоқ,  
Шоқ тап, от жақ.

Жаға жай,  
Жағажайды – Қамажай.

Шаншар шаршап жатыр,  
Қайсар жайша жатыр.

Бұл, бұл — піл,  
Бұл бір ірі піл.


Қыста құлағым үсіп кетті,  
Үсіп, ісіп кетті.

Таяқ жон,  
Жонсаң жөн жон.

Тақпақ жатта,  
Жатқа жатта.

Бар, май шайқа,  
Байқа, жай шайқа.

- Тағы не бар?
- ***Ekinishi kilt***
- Екінші тапсырма. Асық артында жасырылған суреттерге қатысты мақал – мәтел айту. Аққу, кітап, балапан, ит суреттері жасырылған.




*1.Аққуды атта  
Досыңды сатпа*

*2.Kitap-alтын қазына*

**3.Балапан ұяда не көрсө  
Ұшқанды соны іледі.**

**4.Ит атасын танымас**

**ТРИЗ технологиясындағы «луллия шенберін» пайдаланып **ит, балапан** байланасын табу.**



**-Тағы қандай мақал-мәтел білеміз?  
Қане, суреттерге қарап, мақал-мәтелді табайық.**


**Балалар, орнымыздан тұрып, сергіту жаттығуын жасап жіберейік.**

- Ушінші тапсырманы ашайық.  
«Менің текеметім бар. Сол текеметімді әдемілеп беріңіздерші. Ол үшін берілген жұмбақтарды шешіп, соған байланысты ою-өрнек аттарын табындар.

**Маң-маң басып бел асқан,  
Қос баласын арқалап.  
Құмды шөлді жер басқан. (Түйе)**

*Mіne балалар мынау қандай ою?*

**-Түйетабан**



**1.Киелі бір жануар  
Үстінде екі тауы бар? (Түйе)**

*Міне балалар мынау кандай ою?*

-Өркеш




**2.Кішкентай ғана бойы бар.  
Аударып киген тоны бар? (қой)**

-Міне балалар мынау кандай ою?  
-қошқармұйіз оюы




**3.Айнаға қараймын шашымды тараймын(тарақ)**

Міне балалар мынау кандай ою?  
-тарақ оюы



**4.Адамға серік адамға берік (ит)**

- Міне балалар мынау кандай ою?  
- итқүйрық оюы



-Тамаша балалар олай болса текеметімізді осы оюлармен әдемілеп. Дананың тапсырмасын аяқтайық. (жапсыру жұмысын жасаймыз)  
Балалар бүгін бәріміз Дананың тапсырмаларын орындауда белсене атсалыстық . Межеге жеттік. Ендеше сиқырлы қоржыннан сыйлығымызды алайық.

-Балалар бүгін біз немен таныстық?

**-Жаңылтпаши**

**Мақал –мәтеп**

-Не жасырып, жауабын шештік?

**-Жұмбақ шешітік**

-Жұмбақ шешу арқылы немен таныстық?

**-Ою-өрнек**

-Дұрыс. Сол ою-өрнекпен не істедік?

**-Текеметті әдеміледік.**

-Тамаша, жарайсындар. Олай болса, бүгінгі сабағымызды осы өлең жолдарымен аяқтайық.

Күлімдеген күндеймін  
Ренжуді білмеймін  
Куанамын мен де  
Куанасың сен де  
Куанайық достарым  
Арайлап атқан күнге

